

Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Бурабай ауылына қарасты "Центральный" учаскесінде шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Абай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 03 шешімі

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 28 қазандағы № 799 ұсынысына сәйкес, Абай ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Бурабай ауылына қарасты "Центральный" учаскесінде ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының шығуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Абай ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 мамырдағы "Күршім ауданының Абай ауылдық округінің Абай ауылына қарасты "Центральный" учаскесінде шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 10 маусым № 3373 болып тіркелген) № 2 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Абай ауылдық округінің әкімі

Н.Сулейменова